

"АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 9-3/278 бүйрүғына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 28 қазандағы № 280 бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 4 қарашада № 19547 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2021 жылғы 15 наурыздағы № 77 бүйрүғымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 15.03.2021 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

БҮЙЫРАМЫН:

1. "АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 9-3/278 бүйрүғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11065 болып тіркелген, 2015 жылғы 12 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бүйрүқпен бекітілген АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу қағидалары осы бүйрүққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өндеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрүқтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрүқтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын.

3. Осы бүйрүқтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрүқ алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

C. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрлің

2019 жылғы 28 қазандығы

№ 280 бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрлің

2015 жылғы 30 наурыздағы

№ 9-3/278 бұйрығымен

бекітілген

АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйымдарды аккредиттеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйымдарды аккредиттеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 6-бабы 1-тармағының 41-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және агроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйымдарды (бұдан әрі – дайындаушы үйымдар) аккредиттеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) басқарма – Нұр-Сұлтан қаласының инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы, Алматы қаласының кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы, Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы немесе облыстардың жергілікті атқарушы органдарының ауыл шаруашылығы басқармасы (бұдан әрі – Басқарма);

2) көрсетілетін қызметтерді жеткізуші – мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес Басқарма айқындастын, субсидиялаудың ақпараттық жүйесіне қолжетімділікті және иесі ретінде оны сүйемелдеуді қамтамасыз ететін тұлға;

3) өтінім – дайындаушы үйымды аккредиттеуге арналған электрондық өтінім;

4) субсидиялаудың ақпараттық жүйесі – субсидиялау процестерін орындау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған, "электрондық үкімет" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасауға, дайындаушы үйымды аккредиттеуге арналған өтінімді тіркеуге, сондай-ақ өтінімді аккредиттеу шарттарына сәйкестігіне автоматты түрде тексеру арқылы оны өндеуге мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың үйымдастырылып, ретке келтірілген жиынтығы;

5) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб- порталы (бұдан әрі – веб- портал) – Интернет желісінде орналасқан, субсидиялау жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

6) "электрондық үкімет" веб- порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін ақпараттық жүйе;

7) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы;

8) уәкілдеп орналасқан – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі.

3. Осы Қағидаларда субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің көрсетілетін қызметтерін жеткізушілер үшін мынадай шаралар қабылдау көзделген:

1) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің көрсетілетін қызметтерін жеткізуші қызмет көрсету нәтижесінде алынған ақпараттың құпиялышы мен жария етілмеуі бөлігінде уәкілдеп орналасқан шектеулерге қол қояды, сондай-ақ Басқармамен жасалған қызмет көрсетуге арналған негізгі шартқа қол қойылғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызметтер көрсету процесінде қалыптастырылған дерекқорды қалыптастыру бойынша уәкілдеп орналасқан шараларды жүзеге асырады;

2) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің көрсетілетін қызметтерін жеткізуші барлық дерекқорларды жаңартуды және мемлекеттік көрсетілетін қызметті іске асыру процесінде қалыптасқан уәкілдеп орнаның серверлеріне дерекқорларды апта сайын енгізіп отыруды жүзеге асырады.

Мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру нәтижесінде қалыптастырылатын, оның ішінде субсидиялаудың кез келген жүйелері арқылы жүзеге асырылатын дерекқорлар мемлекет атынан уәкілдеп органға тиесілі.

4. Дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу Заңның 11-бабының 5-тармағында белгіленген ауыл шаруашылығы өнімдерінің тізімі бойынша жүзеге асырылады.

2-тaraу. Дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу шарттары

5. Дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу мынадай шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады:

1) дайындаушы ұйымның "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша аккредиттеуге арналған өтінім беруі.

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы мен субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің ақпараттық өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

2) дайындаушы ұйым берген және ЭЦҚ қойылған өтінімнің субсидиялау жүйесінде тіркелуі.

3-тaraу. Дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу тәртібі

6. Веб-портал (бұдан әрі – Жеке кабинет) арқылы тізілімнің деректеріне қолжетімділік беру үшін:

1) дайындаушы ұйым ЭЦҚ көмегімен субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде ез бетінше тіркеледі;

2) Басқарма жыл сайын көрсетілетін қызметтерді жеткізушиге ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімдерін жолдайды.

7. Жеке кабинетте тіркелу үшін дайындаушы ұйым мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), толық атауы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және бірінші басшының ЖСН-сы;

2) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электрондық почасының мекенжайы).

8. Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген жағдайда, дайындаушы ұйым Жеке кабинетке енгізілген жеке шотының деректерін бір жұмыс күні ішінде өзгертеді.

9. Жеке кабинетте өтінімді қалыптастыру және тіркеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің осы Қағидалардың 5-тармағы 1) тармақшасының талаптарын тексеруі үшін қажетті мәліметтер енгізіле отырып, өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде дайындаушы ұйымның оған ЭЦК пайдалана отырып қол қоюы арқылы тіркеледі және Басқарманың Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Басқарманың электрондық мекенжайына қарастыруға өтінімнің келіп түскендігі туралы электрондық хабарлама жолданады.

Басқарма өтінім тіркелген сәттен бастап отыз минут ішінде тиісті хабарламаға ЭЦК пайдалана отырып қол қою арқылы оны қабылдағанын растайды. Аталған растау дайындаушы ұйымды агроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдардың тізбесіне (бұдан әрі – тізбе) енгізуге негіз болып табылады. Хабарлама дайындаушы ұйымның субсидиялаудың ақпараттық жүйесіндегі Жеке кабинетінде өз бетінше тіркелген жағдайда қолжетімді болады.

Басқарма дайындаушы ұйым аккредиттелген сәттен бастап отыз минут ішінде тізбені субсидиялаудың ақпараттық жүйесінде және "АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдар тізбесін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының (әкімдіктердің) интернет-ресурсына орналастырудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 12 наурыздағы № 17-1/207 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10924 болып тіркелген) сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының (әкімдіктерінің) интернет-ресурсына орналастырады.

10. Өтінім берілген жағдайда, аккредиттеуден бас тартуға жол берілмейді.

АгроОнеркәсіптік кешен
саласындағы дайындаушы
ұйымдарды аккредиттеу
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Аkkредиттеуге арналған өтінім

1.(кімге) _____
облысының _____

_____ (республикалық маңызы бар қаланың, астананың)
_(кімнен) _____

2. _____ аккредиттеу жүргізуді сұраймын.

(ұйымның атауы)

3. Өтінім беруші туралы мәліметтер:

атауы _____

БСН _____

басшының аты, экесінің аты (бар болса), тегі _____

басшының ЖСН-сы _____

мекенжайы _____

телефон (факс) нөмірі _____

4. Ұйым өткізуді іске асырып отырған немесе іске асыруды жоспарлап отырған ауыл шаруашылығы өнімі туралы мәліметтер ("АгроЕнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумактарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 5-тармағына (бұдан әрі – Заң) сәйкес)*:

№	Ауыл шаруашылығы өнімінің атауы
1	2
1.	
2.	

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын және дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қоргалатын құпияны қамтитын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өндеуге, сақтауға, шығарып алуға және пайдалануға келісім беремін.

Өтінім беруші 20__ жылғы "__" ____ сағат 00:00-де қол қойып, жіберді:

ЭЦК-дан алынған деректер

ЭЦК-ның қойылған күні мен уақыты

Өтінімнің қабылданғаны туралы хабарлама:

Облыс басқармасы (қала басқармасы) 20__ жылғы "__" ____ сағат 00:00-де қабылдады:

ЭЦК-дан алынған деректер

ЭЦК-ның қойылған күні мен уақыты

Ескертпе:

* - ауыл шаруашылығы өнімінің тізімін өзгерту және (немесе) толықтыру Заңға сәйкес қайта аккредиттеу арқылы жүзеге асырылады. Алдыңғы аккредиттеу туралы мәліметтер тауарлар тізбесі бойынша өзектендірген кезде жойылады.

АгроОнеркәсіптік кешен
саласындағы дайындаушы
ұйымдарды аккредиттеу
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Хабарлама

Күрметті _____

(көрсетілетін қызметті алушы)

Сіздің 20___ жылғы "___ №_____ өтініміңіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсетілді және ол агроОнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдар тізбесіне қосылып, көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылғанын хабарлаймыз.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК